**Хаттама № 3**

**Қ.Абаханов атындағы орта мектеп** **2018 жыл 3 қаңтар**

Мектеп мұғалімдерінің жиналысы болып өтті.
Қатынасуға тиісті:63
Қатынасқаны:58

**Күн тәртібінде:**

1.Мектеп бойынша 2017-2018 оқу жылына әлеуметтік қолдауды қажет ететін мектеп оқушыларының ыстық тамақпен қамтылуы және мектеп асханасын жалға алып отырған «Мырзахметова ЖШС» мен ары карайда жұмыс жасай беру керектігі туралы.
2. Ағымдағы жылдың қаңтар, ақпан, наурыз, сәуір, мамыр айларында мектеп асханасынан ыстық тамақпен қамтылатын оқушылар тізімін бекіте отырып, мектептегі ыстық тамақты ұйымдастыру.

**Тыңдалды:**

Мектеп мұғалімдері қатынасқан жиналыста мектеп директоры М.Ибрашева сөз сөйлеп, онда мектеп бойынша 2017-2018 оқу жылының қыркүйек-желтоқсан айларында мектеп асханасынан ыстық тамақпен қамтылатын оқушылар тізімін бекітіп, осы жыл бойынша мектеп асханасынан Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 717 қаулысына сай «Мырзахметова ЖШС» жалға алып отырғандығын, және де осы кәсіпкермен ары карайда жұмыс жасай беруге болатындығын айтып өтті. «Мырзахметова ЖШС» әкелген тамақ өнімдері сонымен қатар мектептегі бракераждық комиссияның жұмысына жүйелі бақылауды жүзеге асыру /күн сайын әзірленген дайын тамақтың сапасын, тамақтың дайындалу кезіндегі тазалықтың сақталуы, оның бірқалыпты ыстық күйде болуын, тағамның өлшемі мен дайындалу технологиясының бекітілген ас мәзіріне сай болуы/ мектеп медбикесі А.Мусағалиева жауап беретіндігін, мектеп асханасында оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етуге бөлінген қаржының Заң талаптарына сәйкес уақытылы, мақсатты, әрі тиімді жұмсалуын қатаң қадағалау мектептің бас есепшісі К.Дүйсенғалиеваға міндеттелетіндігін, мектеп асханасында тыйым салынған азық-түліктердің сатылмауына бақылау жасап, барлық азық-түліктің заңды сертификатының болуын қадағалау А.Мусағалиеваға тапсырылатындығын, мектеп асханасының санитарлық талаптарға сай болуын басты назарда ұстау мектеп медбикесі мен аспаздарға міндеттелетіндігін, мектеп асханасынан ыстық тамақпен қамтылатын оқушылардың күнбе-күн нақты санын шығарып, есебін жүргізу мектеп тәлімгері Г.Жұмашеваға тапсырылатындығын және осы аталған қызметкерлер өз жұмыстарын уақытында тиянақты атқарып отырғандықтарын айтып өтті. Және де қазіргі жұмыс жасап отырған «Мырзахметова ЖШС» мен алға қарайда жұмыс жасауға ұсыныс білдіргім келеді. Оған себеп мектеп асханасынан берілетін ыстық тамаққа оқушылардың ешқандай шағымы жоқ, бәрі дәмді дайындалып, оқушыларға ыстықтай ұсынылатындығын айтып өтті.

**1.Сөйледі.**

А.Жардемова - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

2017-2018 оқу жылының қыркүйек, қзан, қараша, желтоқсан айларында мектеп бойынша 139 оқушы ыстық тамақпен қамтылды, биылғы 2018 жылдың қаңтар, ақпан, наурыз, сәуір, мамыр айларындада әлеуметтік қолдауды қажет ететін мектеп оқушыларының ыстық тамақпен қамтылуы жайында бірінші кезекте жетім, жартылай жетім, аз қамтылған, көп балалы жанұя балалары қамтылуы керектігін де айтып кетті. Мектепте оқушыларды тегін тамақтандырудың сапасын бақылау аптасына бір рет зерделеу жұмыстарын жүргізіледі, мектепте оқушыларға берілетін тегін тамақтың азық-түлігінің сапалы болуын, сақталу мерзімін, күнделікті ас мәзіріне сәйкес болуын қадағалады. Сонымен қатар асхана тазалығын, тоңазытқыштардың дұрыс жұмыс істеуін,

аспазшылардың гигиеналық талаптарды қатаң сақтауын бақыланады. Осы жиналысты пайдана отырып, алдағы уақытта яғни, 2018 жылдың қаңтар, ақпан, наурыз, сәуір, мамыр айларында да осы «Мырзахметова ЖШС» кәсіпкермен жұмысты жалғастырсақ деген ұсыныс білдіремін.

**А.Мусағалиева-мектеп медбикесі**

Мектеп медбикесі сөйлеген сөзінде мектеп асханасынан ыстық тамақпен қамтылатын оқушылардың ішінде Туб. Вираж, яғни мантуы іскен оқушылардың және ЖДА диагнозы анықталған оқушылардың ішіп жүргендіктері жөнінде айтып өтті. Және де қазіргі мектеп асханасына ыстық тамақты берумен айналысып жүрген кәсіпкер «Мырзахметова ЖШС» алдағы уақытта да жұмыс жасауға ешқандай қиындық тудырмайды деген сенім білдіремін.

**Г.Жұмашева -мектеп тәлімгері**

Менде бүгінгі күн тәртібіндегі мәселе бойынша тоқталсам жалпы асхананың санитарлық жағдайы, аспаздардың сыртқы киім үлгісі, барлық санитарлық талапқа сай. Ыдыстармен қамтылуы және ыдыс жуатын бөлменің жай-күйі: ыдыстар жеткілікті, ыдыс жуатын бөлме таза, әр ыдыс орынды қойылған, ыдыстардың беті жабық тұрады.Тамақтың сапасы, құнарлығы: тамақтың дайындалуы асхананың режиміне сай, дайындау техникасы бойынша дайындалады.Ыстық тамақпен қамтамасыз етуді сапалы ұйымдастыру мақсатында өнім беруші жұмыс істеуге рұқсат берілген ас әзірлейтін бөліктің әрбір қызметкерінде медициналық кітапшалары барлығы тбар. Бұл кәсіпкермен жұмыс жасаған бізге тиімді. Менде бұл кәсіпкермен алдағы уақытта жұмысты одан әрі жалғастыруға ешқандай қарсылығым жоқ.

**ҚАУЛЫ етті:**

1.1.«Мырзахметова ЖШС» кәсіпкердің алдағы уақытта да тамақтың сапасын, тамақтың дайындалу кезіндегі тазалықтың сақталуы, оның біркалыпты ыстық күйде болуын, тағамның өлшемі мен дайындалу технологиясының бекітілген ас мәзіріне сай болуын қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Жардемоваға міндеттелсін;

1.2. 2017-2018 оқу жылының қаңтар, ақпан, наурыз, сәуір ,мамырайларында мектеп асханасынан ыстық тамақпен қамтылатын оқушылар тізімін қайта жасақтап мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Жардемова мен мектеп психологы Г.Қосымбаеваға тапсырылсын.

1.3.Мектептегі бракераждық комиссияның жұмысына жүйелі бақылауды жүзеге асыру /күн сайын әзірленген дайын тамақтың сапасын, тамақтың дайындалу кезіндегі тазалықтың сақталуы, оның біркалыпты ыстық күйде болуын, тағамның өлшемі мен дайындалу технологиясының бекітілген ас мәзіріне сай болуы мектеп медбикесі А.Мусағалиеваға тапсырылсын.

1.4.Мектеп оқушыларының ыстық тамақпен қамтылуы күн сайын тексеріліп, арнайы ашылған журналға толтырылуын қадағалау мектеп тәлімгері Г.Жұмашеваға жүктелсін;

1.5.Мектеп асханасында оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етуге бөлінген қаржының Заң талаптарына сәйкес уақытылы, мақсатты, әрі тиімді жұмсалуын қатаң қадағалау мектептің бас есепшісі К.Дүйсенғалиеваға міндеттелсін;

**Жиналыс төрағасы:** **М.Ибрашева**

**Хатшысы:** **Г.Жұмашева**